

2011

«Жанарым менін жүрегім» фестивалі

- Арнайы кітапхананың ұйымдастыруымен облыс көлеміндегі он төрт

аудан арасында **I-II** топтағы қоз мұғдегері (*загип және әлсіз көретіндер*) арасында «**Жанарым менін жүрегім**»

тақырыбында байқау ұйымдастырылып шілде, тамыз айларында аудандар арасында өткен іріктеу кезеңінен кейін, 2010 жылдың 12 қазанында облыстық Ш.Қалдаяқов атындағы филармонияда облыстық фестиваль өткізді. Алғашқы іс-шара болғандықтан, жас ерекшелігіне шектеу қойылмады.

Фестивальдің мақсаты: Бұл күндері оркениетті елдердің қатарынан қорініп келе жатқан Қазақстан Республикасы әрбір азаматтың қоғамдағы қалыпты өмір сүруін қамтамасыз етуде. Осыған орай мүмкіндігі шектеулі яғни, загип қамқоніл жандардың интеллектуалдық қабілеттерін ескере келе, ақпаратты қеністікте насихаттап, жүректеріне шырақ, қонілдеріне шуақ сыйлау. Оларға қоғам ортасында тең екендіктерін сезініп жүрулеріне қамқорлық жасап, қолдау қорсету. Қоғамда өз орнын тауып, биік белестерге жеткен загип азаматтардың өмірін арқау етіп, қоз жанарынан кейін айырылған азаматтармен әлеуметтік-сауықтыру жұмыстарын жүргізу.

Фестиваль келесі номинациялар бойынша өтті:

1. «Жыр-жүректін булагы»

Ауқымды тәрбиелік мәні бар оленді мәнерлеп, жатқа оқу.

(егер автор өзі болса, қосымша үпай қосылады)

2. «Өнерлі өрге жүзер»

Өрбір қатысушы өзінің талғамы бойынша колонерін ұсынып, жұмысына талдау жасап, қалай аталады, неден, қалай жасалынды, аталынуының себебі т.с.с. жұмысын қорғайды.

3. «Жанарым менің жүрегім»

Авторлық әндер, олендер, сазгерлік қасиеті болса нотасын ұсынуы қажет.

4. «Ән көңілдің ажары»

Еркін тақырыпта эстрадалық-вокалді әндер байқауы.

- «**Жанарым менін жүрегім**» атты фестивалға Оңтүстік Қазақстан

облысы бойынша он төрт ауданның барлығы да ат салысты. Аудандардағы арнайы кітапхана филиалы кітапханашылары өз оқырмандарының қатысуына қолғабыс беріп, демеп отырды.

1. «Жыр жүректің бұлағы» – номинациясы бойынша 12 талапкер
2. «Жанарым менін жүрегім» – номинациясы бойынша 9 талапкер
3. «Онерлі орға жүзер» – номинациясы бойынша 43 талапкер
4. «Өн көнілдің ажары» – номинациясы бойынша 20 талапкерлер

іріктелініп, облыс деңгейінде өзара сайысқа түсті.

«Брайль және Брайль жүйесі» байқауы

Арнайы кітапханада жыл басынан кәсіби деңгейді көтеру мақсатында өткізілген көптеген іс-шаралар әйгілі француз тифлопедагогы Л.Брайльдің туғанына 200 жыл толуына арналды.

Жобалар, бағдарламалар

Авторлар: Super Administrator

15.07.2013 01:07 - Жанартылған 09.04.2014 15:37

- *Луи Брайльдің туганына - 200 жыл толуына орай,* кітапханашылар арасында «*Брайль және Брайль жүйесі*» бойынша «Үздік кітапханашы» байқауы өтті. Брайль - загіптарға арналған алты нүктелі жазу шрифтінің негізін қалаушы. Қазір бұл шрифт - «Брайль шрифті» деп аталынып, загіптар үшін үлкен қызмет көрсетіп келеді. Байқаудың мақсаты:

Арнайы кітапхана қазіргі таңда, көз мүгедектеріне қызмет көрсететін Қазақстандағы ең ірі, мамандандырылған кітапханалардың бірі. Кітапхананың қызметі - көз мүгедектеріне басқа азаматтармен тең дәрежеде жылдам ақпарат алуына кәсіби жағдай жасау.

2012

Жобалар, бағдарламалар

Көз мүгедектерінің өмірге деген ынталарын арттыру мақсатында 2010-2012 жылдарға

жоспарланған жоба, загіп және әлсіз көретін оқырмандар арасында «Жанарым менің жүрегім» атты облыстық фестивальдің қорытынды кезеңі өтті. Фестивальға жергілікті БАҚ өкілдері, көптеген демушілер тартылды.

Фестивальдің максаты: зағип азаматтардың интеллектуалдық қабілеттерін ескере келе, қоғамға таныстырып, ақпаратты кеністікте насихаттап, жүректеріне шырақ, көңілдеріне шуақ сыйлау. Онер – өмірдің өзі десек, бұл іс-шара онер мен өмірдің мерекесі болды. Бұл байқау – сенім мен үміттің, онер мен өмірге деген қайсар күштарлықтың мерекесі болды. Қатысқан үміткерлер – тағдырдан қағажу көрсе де, қанаттары қайырылмаған, жүректеріне әсемдік пен сұлулықтың гүлін өккен, айналаны көзбен емес, көңілмен аялаған айырықша дарын иелері.

Фестивальға демеушілерден жиналған 1200,0 қаржы жұмсалды: теңгелей сыйлықтар, алғыс хаттар, дипломдар, жарнамалық кітапшалар, буклеттер, шақыру, жатын жер, түскі аспен қамтылды. Әр номинация бойынша, демеушілердің шешімі бойынша (тандауы) бір 1-ші орынға 30 мың теңге, екі 2-ші орынға 20 мың теңге, үш 3-ші орынға 10 мың теңге, қосымша ынталандыру сыйлықтары, типографияда дайындалған алғыс хаттары мен дипломдары берілді. Бүкіл қатысқан үміткерлер саны 46 болды. 24 үміткер орындарға ие болып бағалы сыйлықтар мен дипломға ие болса, басқа қатысқан 22 үміткерге ынталандыру сыйлығы «Үялы телефон» және алғыс хаттар берілді.

Фестиваль төмендегі номинациялар бойынша өтті:

1. «Жанарым менің жүрегім»

Он түстік Қазақстан облысының 80 жылдығына арналған авторлық өлеңдер, өлеңдер.

2. «Онер алды - қызыл тіл». Еркін тақырып тәрме орындау.

3. «Жыр-жүректің бұлғағы».

Халық жазушысы, ақын, қоғам қайраткері жерлесіміз Мұхтар Шахановтың 70

жылдығына арналады:
автордың өлеңін мәнгерлеп оқу немесе ақынға арналып жазылған үміткердің өлеңі.

4. «Өнкілі дін жары»

Жергілікті ақын – композиторлардың өлеңдері. Табиғи дауыста, еркін тақырыпта эстрадалық - вокальді өлеңдер байқауы.

- Загіп және өлсіз қоретін оқырмандарды кітапханаға тарту мақсатында -

оқырмандар арасында бедерлі – нүктелі, дыбыстандырылған кітаптардың қай сала бойынша және қай автордың өлеңдерін анықтау үшін, тұрақты жүргізілетін сауалнама (анкета) екі тілде дайындалып, зерттеулер жүргізу арқылы, сұранымдағы кітаптар шығарылды. Зерттеу барысында дыбыстандырылған кітаптарды қажет ететін оқырмандар 83 % көрсетіп отыр. Оқырмандар сұраныстары бойынша, арнайы кітаптардың мемлекеттік тілде жетіспеушілігінен «дыбысты кітаптарды өндіру» және «брайльша кітаптарды өндіру» бөлімдерінде қазақ тілінде кітаптарды көбірек шығару қамтылды.

- Жыл көлемінде кітапханада өткен ауқымды іс-шараларға жергілікті, республикалық

БАК өкілдері қатысып, қоғамды кітапхана өмірінен хабардар етіп отырды. Арнайы кітапхананың қызметін: дыбысталынған және бедерлі-нүктелі кітаптардың шығарылу техникасын және оларды загіп оқырмандар қалай пайдалана алатындығы, кітапханадағы загіп қызметкерлердің өмірлері жайында, жергілікті «Шымкент-Қазақстан»,

«Отырар» телеарналары өз бағдарламаларында арнайы сюжеттер жасап, екі тілде көрсетті.

Газет – журналдар бетінде жарияланған мақалалар:

- Кітапхана бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыста жұмыстар

жүргізді. «Сауықтыру айлығына» құжаттар дайындалды, әдістемелік көмек берілді.

2013

"Отбасы тынысы"

2013-2014 жылдарға жоспарланған зағип және әлсіз қоретін отбасылары арасында "Отбасы тынысы" атты облыстық байқау өтті. Ауданаралық іріктеу кезені мамыр-маусым айларында іс-сапар барысында анықталған болатын.

Облыстық байқау 23 қазанда, Шымкент қаласы, "Достық" қонақ үйінің конференция залында (Халықаралық мұғалімдер және зағиптар күндеріне аясында) өтті. Байқауға жергілікті БАҚ өкілдері, 50-дін үстінде демушілер тартылды. Байқаудың мақсаты: қозғалысшылар мен кітапхана арасындағы байланысты нығайту. Отбасылық оқырмандарға рухани азықты арнайы, онеге боларлық ұлттық салт-дәстүрлерді, тәрбиелік маңызы жоғары патриоттық сезімдерді насихаттау.

Байқау 5 түрден тұрды: (жалпы түрлер бойынша бағаланды)

1. "Жұлдыздің түсіні танығанша, бірдің атын біл" (Өр отбасы өздерін қысқаша таныстырып өтті берілген уақыт 2 минут, үй тіршілігіндегі ролик дыбыссыз қорсетіліп тұрды)

2. "Отбасының рухани мәдениеті" (Шығармашылық деңгейі бағаланды. "Бір ел- бір кітап" акциясы аясында тандалған Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, қорнекті қазақ ақыны Ф. Шығарсынованың "Дауа" атты өлеңдер топтамасынан өзі қалап тандаған өлеңін мәнерлеп жатқа оқыды)

Жобалар, бағдарламалар

Авторлар: Super Administrator

15.07.2013 01:07 - Жанартылған 09.04.2014 15:37

3. "Макал - сөздің мәйегі" (Отбасы, тәрбие туралы макал-мәтел, жанылтпаш жалғастырды)

4. "Алтын күз жемістері" (Үй тапсырмасы: күз жемістеріне арналып дайындалған қолданбаларына түсініктеме (комментария) беріп, қазылар алдында ұсынды)

5. "Өнерлі - өрге жүзеді" (Отбасылардың өнеркөрсету сайсы).

